

"Қазақстан Республикасындағы депозитарлық қызмет туралы" Уақытша Ереже

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 5 қаңтар N 2 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 30 қаңтарда N 148 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы депозитарлық қызмет туралы"

У а қ ы т ш а Е р е ж е

1 . Ж а л п ы Е р е ж е л е р .

1. Бұл Ережемен реттелетін қатынастар

Бұл ереже депозитарийлардың және бағалы қағаздар рыногын дамытуға депозитарийлық қызметтің жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының құқықтарын қорғау жүйесінің қамтамасыз етілуін белгілейді, сондай-ақ Орталық депозитарийдың құқықтық мәртебесінің мәселелерін және депозитарлық жүйе эмитенттері қарым-қатынасының м е х а н и з і м і н р е т т е й д і .

2 . Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р

Бұл Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Комиссия - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық к о м и с с и я с ы .

Бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар бойынша клиринг бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға қатысушылардың бағалы қағаздар мен ақша қаржыларын жеткізу аудару жөніндегі өзара міндеттемелерін растау.

Бағалы қағаздар бойынша мәміле жасау - бағалы қағаздарға меншіктік құқықтарды беру жағдайлары туралы шарт жасасу.

Мәміленің аяқталуы төлемге қарсы тауар жеткізу - бағалы қағаздармен мәміле жасаған жақтардың өзара міндеттемелерін орындау фактісі.

Бағалы қағаздардың меншік иесі - бағалы қағаздарға меншік иесі болу құқығы бар, соның ішінде бағалы қағаздар бойынша табыс алу құқығы бар адам.

Бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар - бағалы қағаздың меншік иесі

болып табылмайтын, бағалы қағаз ұстаушының тапсырмасы бойынша өз атынан және бағалы қағаз ұстаушының тапсырмасы бойынша бағалы қағаз жөніндегі талап құқығын іске асыруды жүзеге асырушы адам.

Бағалы қағаз ұстаушылар - меншік иесі және бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылар.

Депозитарлық қызмет - депозитарий мүшелеріне, олардың клиенттеріне тиісті бағалы қағаздарды сақтау мен есептеу және бұл бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерге қызмет ету жөніндегі функциялардың жүзеге асырылуы.

Бағалы қағаздарды тіркеуші - бағалы қағаз ұстаушылардың бір немесе одан да көп реестрін жүргізуді жүзеге асырушы адам.

Бағалы қағаздарды сақтау орны - өз клиенттерінің бағалы қағаздарын сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырушы және бағалы қағаздарды депозитарийға орналастыру мен бағалы қағаздардың басқа да салымшыларының атынан басқа мәмілелер жасау құқығы бар заңды тұлға.

Депозитарий - бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары құрған арнайы ұйым, оның функциясына бағалы қағаздарды сақтау және оның мүшелері өз клиенттерінің мүддесі үшін сол бағалы қағаздармен жасаған мәмілелерге техникалық тұрғыдан қызмет көрсету болып табылады (бағалы қағаздарға көрсетілген мүліктік құқықтар қозғалыстарының есебі және оларды тіркеу).

Депонент - нақтылы ұстаушы ретінде оған берілген бағалы қағаздармен жасалған мәмілеге қызмет көрсету жөніндегі депозитарий қызметін шарт негіздерінде пайдаланатын, депозитарий клиенті болып табылатын кез келген заңды немесе жеке тұлға.

Депозитарлық шарт (депо шотының шарты) - депозитарий мен депоненттің арасындағы, екі жақтық міндеттері мен өкілеттігін және олардың арасында пайда болған қатынастарды реттеуші шарт.

Депоненттің депо шоты - мәліметтер базаларындағы және депозитарийдың журналдарындағы жазбалардың жиынтығы.

Бағалы қағаздар қозғалысының тоқталуы - бағалы қағаздарды депозитарийда сақтауға қабылдау, сол арқылы бұл бағалы қағаздарды айналымнан уақытша алу.

II. Депозитарлық қызмет

3. Депозитарлық қызметтің мазмұны

Бағалы қағаздарды сақтау, бағалы қағаздарға берілетін құқықтардың есебі жөніндегі мәмілелер, сондай-ақ бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға технологиялық және техникалық қызмет көрсету - депозитарлық қызметтің мазмұны болып табылады.

Бағалы қағаздарды сақтау дегеніміз - Комиссия белгілеген техникалық және басқа талаптарды сақтай отырып, бағалы қағаздардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету.

Бағалы қағаздарды сақтау - олардың қозғалысының уақытша тоқталуын көрсетеді.

Бағалы қағаздарға берілген құқықтардың есебі дегеніміз бағалы қағаздарға берілген меншіктік құқықтарды, бұл құқықтарға ие болу мен олардан айырылуды белгілеу болып табылады.

4. Депозитарлық қызметтің объектілері мен субъектілері

Депозитарлық қызметтің объектілері - Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногына айналымға жіберілген бағалы қағаздар болып табылады.

Депозитарлық қызметті айрықша функциялар ретінде бағалы қағаздардың сақталуы мен есебі жөніндегі функцияларды жүзеге асырушы арнайы ұйым жүзеге асырады.

Депозитарлық қызметтің субъектілері - депозитарийлар мен депоненттер болып табылады.

Депозитарлық қызметтің, клирингтік қызметті қоспағанда (тиісті лицензиясы болған жағдайда), бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметтің басқа түрлерімен бірге, бір мезгілде жүзеге асырылуына жол берілмейді.

5. Депозитарийдің функциялары

- депозитарлық қызмет көрсету үшін депоненттер берген бағалы қағаздарға олардың (депоненттердің) меншіктік құқығы берілгендігін қою;

- мәміле жасаған кезде бағалы қағаздардың болғандығын растау;

- бағалы қағаздардың иелеріне (депоненттерге) оларды сақтау (депозитке салу) жөнінде бұл бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылардың функциясын жүзеге асыруға бағытталған қызмет көрсетуге мүмкіндік беру;

- депоненттің депозитке салған бағалы қағаздармен жүргізілетін тиісті операцияларын жүзеге асыруға құқықты екендігін растау;

- депоненттер тапсырмаларының сақтауда тұрған бағалы қағаздар куәландыратын жазбаларды есепке алу арқылы орындалуы;

- бағалы қағаздарды иелену жөнінде эмитенттен депоненттерге және депоненттерден бағалы қағаздар эмитенттерінен хабарлама беріп отыру;

- депоненттердің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздар сертификаттарын үшінші бір адамға беру;

- бағалы қағаздар сертификаттарының түпнұсқа екендігін растау;

- бағалы қағаздар сертификатының айналымда болу жағдайларына сәйкес, оларды айналымнан алып тастау;

- бағалы қағаздардың қиындығы жөніндегі операцияларды тіркеу және о р ы н д а у ;

- депоненттерге консультация және ақпарат қызметтерін көрсету.

Депозитарийлар депонентпен қосымша келісім бойынша қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады :

а) депозитарийда сақтауда тұрған бағалы қағаздарды, бұдан кейін депоненттердің ақшалай шотына аударып, солардан табыс түсіру;

б) бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар бойынша клиринг (тиісті лицензия болған жағдайда) ;

в) бағалы қағаздарды инкассациялау және тасымалдау.

6. Депозитарлық қызметті лицензиялау

Депозитарлық қызмет депозитарлық қызметті жүзеге асыруға Комиссия берген лицензия болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар жөніндегі клиринг қызметі бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыруға байланысты өзара міндеттемелерді белгілеу бойынша, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен алдын ала келісілген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы болған жағдайда жүзеге асырылады.

Лицензия алған депозитарий өзінің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізуге тек лицензиялаушы органның келісімі бойынша ғана қ ұ қ ы қ т ы .

7. Депозитарлық қызметке берілген лицензияны тоқтату және кері шақырып а л у

Депозитарлық қызметтің жүзеге асырылуына бақылау жасауды Комиссия жүргізеді. Депозитарлық қызметті жүзеге асыруға берілген тиісті лицензияның жоқтығы кездескен жағдайда, Комиссия бұл заңды тұлғаға шара қолдану туралы сот органдарына хабарлама беруге құқықты.

Тіркелген депозитарий депозитарлық қызметті қолданылып жүрген заңдар

мен осы Ережені бұза отырып жүзеге асырылғандығы кездескен жағдайда, комиссия лицензияларының қолданылуын тоқтатуға және кері шақырып алуға құқықты.

8. Депозитарийға технологиялық талаптар

Депозитарлық қызмет Комиссия белгілеген технологиялық талаптарға толығынан сәйкес жүзеге асырылуға тиісті. Комиссия депозитарийлар пайдаланатын техникалық және бағдарламалық құралдарға қойылатын талаптар

да белгілейді.

III. Депозитарлық шарт

9. Депозитарлық шарттың мазмұны

Депозитарий мен депоненттің арасындағы қатынастарды реттеу жай жазба түрде жасалған, екі жақтың өкілеттігі, құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері толық сипатталып көрсетілген депозитарлық шарт негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Депозитарлық шарттың жасалуы депоненттің бағалы қағаздарға меншіктік құқықтарының және осы бағалы қағаздармен куәландырылған құқықтарының депозитарийға өтуіне әсер етпейді.

Депоненттің бағалы қағаздарын билеуге депозитарийдің құқығы жоқ, егер оған депонент мұндай билік берген болмаса.

Депоненттің бағалы қағаздары бойынша өз функциясын орындаушы депозитарий операцияларды тек депоненттің жазбаша тапсырмасына сәйкес ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Депозитарлық шартта мынадай жағдайлар болуы тиіс:

- а) депозитарий мен депонент жайлы мәліметтер;
- б) шарт мәнінің бір жақты белгіленуі: бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау, депозитарийда сақтауда тұрған бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды есепке алу бойынша қызметкер, сондай-ақ басқа да қызмет көрсету;
- в) шарттың қолданылу мерзімі;
- г) депоненттің бағалы қағаздарын сақтау жолдарын белгілеу тәртібі;
- д) депоненттің депозитарийға берілген бағалы қағаздарына депозитарийдың меншік иесі болып табылмайтындығын көрсету;
- е) депоненттердің бағалы қағаздарын басқа депозитарийларға сеніп тапсыруға депозитарийдың мүмкіншілігінің барлығы (немесе мүмкіншілігінің ж о қ т ы ғ ы) ;
- ж) шарт жағдайларын және депозитарлық қызметтің заңда белгіленген тәртіптерін депозитарийдың сақтамауы салдарынан депонентке келген шығын үшін депозитарийдың жауаптылығы;
- з) депозитарийдың қызметіне ақы төлеудің шартта көзделген мөлшері мен тәртібі, сондай-ақ депозитарийдың осы бағалы қағаздар бойынша түскен табыстың қандай түрінің есебінен болмасын немесе депозитарийда сақтауда тұрған бағалы қағаздарды айналымнан алу есебінен өз қызметі үшін ақы өндіріп алу жөніндегі мүмкіндік өкілеттігі;

и) депозитарийдың депоненттің алдында есеп беру түрі мен мерзімі;
к) депоненттің операциялары туралы коммерциялық құпияны депозитарийдың сақтау міндеттемелерін қоса алғандағы екі жақтың құқықтары мен міндеттері;

л) депозитарлық қызметтің шарт жағдайлары мен тәртібін бұзғандығы үшін екі жақтың жауапкерлігі.

Жоғарыда айтылған жағдайлардан басқа, депозитарлық шартта депозитарлық шартты жүзеге асырудың Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да жағдайлары болуы мүмкін.

10. Депозитарлық шарт жасау

Депозитарлық шарт жасау туралы ұсыныс депозитарийда депо шотын алуға жазбаша өтініш түрінде депоненттен шығады, өтініште депозитарийда жүріп жатқан депозитарлық қызметтің осы шартқа сәйкес қабылданған стандарттарын сақтауға берген депоненттің келісімі болуға тиіс. Депозитарлық қызметтің стандарттарымен депонент депозитарлық шарт жасауға өтініш берген сәтке дейін танысуға тиісті.

Депозитарлық шарт концессуальды шарт болып табылады және оны жасау

кезінде депоненттен қандай да болмасын бағалы қағазды дереу депозитке салуы талап етілмейді.

IV. Депозитарий мен депоненттің құқықтары мен міндеттері

11. Депозитарийдың міндеттері

Депозитарийдің міндеттеріне мыналар жатады:

а) депоненттің бағалы қағаздарына қатысты мәмілені тек депоненттің өкіміне сәйкес жүзеге асыру;

б) депонент депозитарийға орналастырылған бағалы қағаздарға қатысты оның өкімін міндетті түрде орындау;

в) депоненттің бағалы қағаздарына байланысты депоненттің нұсқауы бойынша қолданылатын, депозитарлық шартта рұқсат етілген әрекеттерден басқа әрекеттер қолданбау;

г) клиенттің өзінің тікелей нұсқауынсыз клиенттің депо шоты жайлы мәлімет тарату. Мұндай мәліметті депозитарийдан Комиссия мен мәлімет талап етуге Қолданылып жүрген заңдар өкілеттік берген басқа да органдардан бөтен ешкім талап етуге құқықты емес;

д) сақталуын қамтамасыз ету үшін депозитарийға несие берген, несие берушілердің әрқайсысына бағалы қағаздарға депоненттерді тартудың мүмкін еместігін х а б а р л а у ;

е) барлық операциялардың өткізуге арналған күндер мен негіздерді көрсете отырып, депоненттердің жеке депо шотын жүргізу;

ж) депо шоты мен бағалы қағаздарды есептеуді жүргізудің белгіленген технологиясын сақтау ;

з) депоненттің депо шотындағы бағалы қағаздардың есебін депоненттің өкімі бойынша басқа депозитарийға немесе тіркеушіге аудару;

и) депонент және оның депо шоты жөніндегі мәліметті мыналар үшін п а й д а л а н б а у :

- депоненттің заңды құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін әрекеттер жасау ;

- жеке өзінің заңсыз түрде баюы үшін немесе үшінші бір адамның заңсыз түрде баюы үшін ;

к) депонентке, мәміленің қаншалықты нақты екендігі мен көзін көрсете

отырып, депоненттің мүдделері үшін маңызы бар мәлімет беру;

л) депонент әрекеттерінің нәтижесінде туындайтын заң бұзылушылық мүмкіндігі жайлы депонентке ескерту;

м) депонент шоты балансының жағдайы туралы жүйелі түрде мәлімет беріп отыру;

н) депоненттің әрбір өкімінің орындалуы туралы депозитарийдың жазбаша есебін жүргізу;

о) депоненттің міндеттемелерде белгіленген бағалы қағаздарының берілу фактілерін тіркеу;

п) Комиссия белгіленген мерзім мен тәртіпке реестр ұстаушыға бағалы қағаздардың иелері туралы мәлімет беру;

р) депозитарлық шартта келісілген басқа да міндеттер.

12. Депозитарийдың құқықтары

Депозитарийдың мыналарға құқығы бар:

а) Комиссия құқық қорғау немесе өкілеттігі бар басқа да органдар тарапынан тиісті хабар алған жағдайда, депоненттің өкімін орындауды тоқтатуға немесе о р ы н д а м а у ғ а ;

б) депозитарлық қызметке ақы төлеудің депозитарлық шартта келіспеген шарттары орындалмаған жағдайда, сондай-ақ депонент өзінің шарттық

міндеттемелерін бұзған жағдайда, депоненттің депо шотымен жүргізілетін
ж ұ м ы с т ы т о қ т а т у ғ а ;

в) бағалы қағаздармен әртүрлі операциялар жасалған жағдайда депоненттен
қажетті қосымша мәлімет талап етуге;

г) егер депоненттің өкімі жүзеге асырылу кезіндегі әрекеттер қолданылып
жүрген заңдарға қайшы келетін болса, бұл туралы депонентке міндетті түрде
мәлімдей отырып, оның өкімін орындамауға.

13. Депозитарий қызметінің шектелінуі

Д е п о з и т а р и й д і ң :

а) депозитарлық шартта өзіне жүктелген міндеттемелердің орындалуын басқа
бір адамға беруге, егер бұл депозитарлық шартта басқаша көзделмеген болса;

б) депоненттің бағалы қағаздарымен өз атынан кепілдік операцияларды
ж ү з е г е а с ы р у ғ а ;

в) сақтауға қабылданған бағалы қағаздарды депоненттің арнайы өкімінсіз
кепілге немесе үшінші бір адамның басқаруына беруге;

г) депоненттің жазбаша өкімінсіз оның бағалы қағаздарынан туындайтын
құқықтарды өзіне қабылдауға;

д) депоненттердің (клиенттердің) қызмет көрсетуге қабылданған бағалы
қағаздары арқылы жеке міндеттемелерін қамтамасыз етуге;

е) депоненттермен бірігіп жасағанда, нәтижесі депозитарийдың басқа

клиенттеріне зиян келтірерлік қызметті жүзеге асыруға;

ж) бағалы қағаздардың кез келген түрінің меншік иесі болуға құқығы
жоқ.

14. Депоненттің міндеттері

Депонент қолданылып жүрген заңдардың ережелері мен депозитарлық
шарттың талаптарын қатаң түрде орындауға міндетті. Жүзеге асыру кезінде
қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарын депозитарий бұзатын
операциялар жүргізуге өкіл беруге және олардың орындалуын депозитарийдан
талап етуге депоненттің құқығы жоқ.

15. Депоненттің құқықтары

Депоненттің:

а) депозитарийдан шарт талаптарының орындалуын талап етуге;

б) депозитарий өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда,

өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Комиссияға немесе сот органдарына баруға;

в) егер депонент тарапынан барлық міндеттер орындалған болса, бір жақтылық тәртібімен депозитарлық шартты бұзуға;

г) қазіргі жасалған депозитарлық шарттың немесе бұрын берілген өкімдердің, егер бұл өкімдер депозитарийдың құқықтарына қысымшылық келтірмейтін болса және оның әрекеттері қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына қайшы келмейтін болса, жазбаша өкімдер беруге және оны депозитарийдың орындауын талап етуге құқығы бар.

V. Депо шоттары

16. Депо шоттарының конструкциясы

Депо шоттары мынадай деректерден тұратын өзара байланысты элементтер жүйесі болып табылады:

- депо шоты иесінің сауалнамасы;

- депоненттердің бағалы қағаздарға меншік құқығының есебі бойынша деректер және депоненттің бағалы қағаздарын міндеттемелермен беру;

- қолда бар бағалы қағаздардың сақталуы туралы деректер;

- депо шотының тарихы;

- қызмет және анықтама мәліметтері.

17. Депоненттің сауалнамасы

Депоненттің сауалнамасында депо шоты иесінің идентификациясы, оның мекен-жайы, телефондарының және басқа байланыс құралдарының нөмірі, банк реквизиттері, сондай-ақ сенім берілген адамдары және олардың өкілеттіктері ж а й л ы деректер болуы тиіс.

Депоненттің сауалнамасы депонент депозитарийда депо шотты ашқан кезде толтырылады және депоненттің жазбаша түрдегі өкімінің негізінде түзетіліп о т ы р ы л а д ы .

Сауалнамадағы мәліметтің дұрыстығы үшін жауаптылық депонентке ж ү к т е л е д і .

Депонент сауалнамасының қалыпты түрін және сауалнамада көрсетілуге жататын деректердің толық тізімін Комиссия белгілейді.

18. Бағалы қағаздарға меншіктік құқықтың есебі жөніндегі және бағалы

қағаздарды міндеттемелермен беру жөніндегі деректер

Депозитарийдағы бағалы қағаздарға меншіктік құқықтың есебі әрбір депонентке арналған дербес депо шотын ашып, жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Депо шоты баланстан тыс шоты болып табылады және депоненттердің қызмет ету үшін депозитарийға тұрған бағалы қағаздары депозитарийдың бухгалтерлік балансына айтарлықтай әсер етпейді.

Депо шоттарындағы бағалы қағаздардың есебі бағалы қағаздардың Комиссия мен депозитарий берген бірдей идентификациялық номері бар бағалы қағаздардың түрлері бойынша бөле отырып, жеке-жеке жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздарға меншіктік құқық есебінің жүргізілу тәртібін Комиссия б е л г і л е й д і .

Депоненттің бағалы қағаздарын міндеттемелермен беру есебін депозитарлық шартқа немесе депоненттің өкімдеріне сәйкес депозитарий жүзеге асырады. Қандай да болмасын міндеттемелермен берілген бағалы қағаздармен мәміле жасаудың шарты мен тәртібін қолданылып жүрген заңдар мен Комиссия б е л г і л е й д і .

19. Қолда бар бағалы қағаздардың сақталуы жайлы деректер

Депозитарий депозитарийға сақтауға беріліп, олардың айналымнан уақытша алынғандығы сол депозитарийда белгіленген бағалы қағаздардың есебін жүргізуі т и і с .

Бұл жағдайда депозитарий бағалы қағаздарының санын, олардың айналымнан уақытша талап еткен депоненттің атын көрсете отырып, идентификациялық кодтарды, сондай-ақ бағалы қағаздар сақтауға берілген кастодиумдар жайлы деректерді сақтауға тиісті.

Бағалы қағаздардың сақталуы жайлы деректерді жүргізу тәртібін депозитарийдің жарғысына сәйкес, оның мүшелері белгілейді.

20. Депо шотының тарихы

Депо шотының тарихы депозитарий жүргізілген барлық операциялар туралы мәліметтер, сондай-ақ депоненттердің барлық өкімдері және депозитарийдің есептері хронологиялық тәртіпте көрсетілген архив болып табылады.

Депо шоты тарихын қалыптастыру, жүргізу тәртібін Комиссия белгілейді.

VI. Операциялардың орындалу тәртібі

21. Депозитарий операцияларының орындалу тәртібі

Операцияларды орындау кезінде:

- а) депоненттің өкімін тіркеу;
- б) депонент өкімінің орындалуы;
- в) депоненттің өкімі орындалғандығы туралы есеп.

Операцияны жүзеге асыру процесін құжаттау түрін депозитарий өз бетінше белгілейді.

22. Депоненттің өкімін тіркеу

Кез келген операцияны жүргізу үшін депоненттің жазбаша өкімі немесе онымен жасалған депозитарлық шарт негіз болып табылады.

Депоненттің өкімін тіркеу мынадай әрекеттерден тұрады:

- а) депонент-операцияны қолдаушыдан өкім қабылдау;
- б) депоненттің өкімінде көрсетілген мәліметтердің нақтылығына көз жеткізіп, а н ы қ т а у ;
- в) операцияның жүргізілу мүмкіндігі мен заңдылығын тексеру;
- г) бағалы қағаздардың, немесе операцияны жүргізу үшін қажетті ақша қаржысының барлығын тексеру және оларға шек қою;
- д) депоненттің өкіміне сәйкес тіркеу номерін белгілеу;
- е) депозитарийдың өкімді қабылдағандығы туралы немесе өкімнен бас тартқандығы жайлы хабар беру (қажет болған жағдайда).

Өкім екі данада құрастырылып, олардың әрқайсысына депонент және депозитарий виза қоятын жазбаша құжат болып табылады. Өкім депозитарлық шартқа қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

23. Депонент өкімінің орындалуы

Депонент өкімінің орындалуы мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- депозитарий өз бетімен, егер мәміленің контрагенттеріне осы депозитарий қызмет көрсететін болса;
- депозитарлық жүйедегі үшінші адамның қатысуымен, егер, бұл мәміле бойынша контрагенттердің ең болмағанда біреуіне осы депозитарийда қызмет көрсетілмейтін болса.

24. Депозитарийдың клиринг қызметі

Қысқа мерзім ішінде бағалы қағаздармен көптеген операциялар жүргізу керек болған жағдайда, операциялардың жүргізілуін тездету және есеп айырысу механизмін жеңілдету үшін міндетті түрде орындалуға тиісті мәмілелер бойынша

клиринг әдісін пайдалануға рұқсат етіледі.

Клиринг қызметін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қолданылып жүрген нормативті құжаттары мен Комиссия белгілейді.

VII. Орталық депозитарий және депозитарлық жүйе

25. Бағалы қағаздар рыногының депозитарлық жүйесі

Бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының элементтері неғұрлым тиімді жұмыс істеуі мақсатында үйлестіруші органы Орталық депозитарий болып табылатын бағалы қағаздар рыногының депозитарлық жүйесі құрылады.

Бағалы қағаздар рыногы депозитарлық жүйесінің негізгі функциялары бағалы қағаздардың биржа және биржадан тыс рыноктарында бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелеріне техникалық және технологиялық қызмет көрсету, сатуға ұсынылатын бағалы қағаздардың болатындығына

кепілдік беру және осы бағалы қағаздармен тиісті операциялар жасауға екі жақтың құқықты екендігін растау болып табылады.

Бағалы қағаздар рыногының депозитарлық жүйесі жұмысының негізгі принциптері:

- мәмілелердің орындалуына күні бұрын кепілдік беруді жүзеге асыру;
- "төлемге қарсы тауар жеткізу" принципін сақтау;
- "бірыңғай контрагент" принципін сақтау;
- депозитарлық жүйенің монополиясыздануы мен өзін-өзі реттеушілігі;
- бағалы қағаздар рыногы депозитарлық жүйесінің құпиялылық сипаты жоқ мәмілетімен инвесторлардың қалың көпшілігінің таныса алатындығы;
- операцияларды жүргізудің жоғары жылдамдығы;
- барлық операциялардың толық есебі;
- барлық операциялардың жүзеге асырылуының жоғары технологиясы мен қолайлығы;
- клиенттің жұмысына араласпау.

Ескертудің ұсыныс түрінде болуы.

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздарының депозитарлық жүйесі екі деңгейлі болып табылады.

Бірінші деңгей Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына бағынатын Қазақстан Республикасының Орталық депозитарийы болып табылады.

Екінші деңгей бағалы қағаздардың есебімен және сақталуымен айналысатын жергілікті депозитарийды құрайды.

26. Бағалы қағаздар рыногы депозитарлық жүйесінің субъектілері

Бағалы қағаздар рыногы депозитарлық жүйесінің субъектілері:

- Орталық депозитарийы;
- екінші деңгей депозитарийы;
- тіркеушілер;
- бағалы қағаздар сақталатын орындар;
- есеп айырысу банктері;
- эмитенттер;
- брокерлер мен дилер болып табылады.

27. Орталық депозитарий

Орталық депозитарий - депозитарлық жүйенің жұмысын үйлестіруші бірінші деңгей органы.

Орталық депозитарий мынадай жұмыстарды атқарады:

- бағалы қағаздар рыногында депозитарийлардың жұмысын үйлестіру;
- депозитарийлар туралы деректердің бірыңғай банкін құру;
- депозитарийлардың жұмысы жайлы мәліметтер алу, талдау және өңдеу;
- депозитарийлар арасындағы өзара байланыстарды ұйымдастырып жүзеге асыру;
- Орталық депозитарийлардың, Комиссия мен тіркеушілердің бірлесіп жұмыс істеу механизмдерін іске асыру;
- бағалы қағаздар рыногында клиринг қызметін және (немесе) клиринг қызметін бақылауды жүзеге асыру;

- бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша депозитарийлық хабарлармен алмасудың технологиялық стандарттары мен түрлерін анықтап, б е л г і л е у ;

- институциональ инвесторларға, баспасөз өкілдеріне бағалы қағаздар рыногының жұмыс істейтіндігі жайлы құпиялылық сипаты жоқ мәліметті шарт не г і з і н д е б е р у .

Орталық депозитарий осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген екінші деңгей депозитарийларының функцияларын жүзеге асыра алмайды.

Бағалы қағаздар мен екінші деңгей депозитарийының қызметі пайдаланыла отырып жасалған мәмілелер жайлы барлық мәліметті осы мәміле жасалып

біткеннен кейін олар міндетті түрде тікелей Орталық депозитарийға береді.

Орталық депозитарий депозитарийлар мен тіркеушілердің белгілі бір кезеңдегі жұмысы жайлы олардан есеп талап етуге құқықты.

Екінші деңгей депозитарийлары міндеттілік пен жүйелілік негізінде өз жұмысы жайлы толық және нақты мәлімет береді.

Екінші деңгейдің депозитарийлары және тіркеушілер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұзу фактілері табылған жағдайда, Орталық депозитарий аталған субъектілерден заңсыз әрекетті тоқтатуды, заңсыз әрекетінің зардаптарын жоюды талап етуге немесе тәртіп бұзушыларға тиісті жазалар қолдану туралы ұсыныспен Комиссияға немесе басқа өкілетті органдарға кіруге құқықты.

Орталық депозитарийдың жасаған бағалы қағаздар рыногында депозитарлық және тіркеуші қызметтерін жүзеге асырудың стандарттарына, технологиясы мен технологиясына қатысты жасаған және Комиссия бекіткен нормативті құжаттары депозитарлық жүйенің барлық субъектілерінің орындауы міндетті болып т а б ы л а д ы .

Орталық депозитарийдың ұйымдастырылу мәселелері мен қызметі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бекіткен " Орталық депозитарий туралы" ережеде баяндалады.